



Нұр-Сұлтан қаласы

2022 жылғы 4-6 мамыр

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Менің Отаным – менің бастамам» республикалық шығармашылық жобалар байқауын ZOOM интернет-платформасында онлайн режимде өткізуде.

Байқаудың мақсаты дарынды балаларды анықтауға және қолдауға бағытталған балалар мен жастардың бастамаларын дамытуға ықпал ету болып табылады.

Заманауи әлеуметтік жобалау – бұл азаматтық қоғамды дамытудың ең тиімді тәсілдерінің бірі. Әлеуметтік-жобалық қызметтің әртүрлі нысандарына қатысу мектеп оқушылары үшін маңызды білім беру тәжірибелерінің бірі болып табылады.

Байқауға жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары – байқаудың облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық кезеңдерінің жеңімпаздары қатысады. Байқауға қатысушылардың жалпы саны – 170 адам.

Байқауға қатысушылар «Жақсылық керуені», «Отаным – қасиетті туған жерім», «Мен – Қазақстанның азаматымын», «Менің ашық университеттерім», «Менің кіші Отаным», «Қазақстанның жеті кереметі», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңғырту полюсі», «Киіз үй – ғалам моделі», «Менің отбасым: сабақтастық, құндылықтар мен мағыналар» номинациялары бойынша әлеуметтік және шығармашылық жобаларының тұсаукесерін онлайн режимінде жасайтын болады.

Балалардың шығармашылық жобалар байқауына қатысуы өмірлік жағдайларды шешу арқылы өзін тексеруге мүмкіндік береді, өзін-өзі

анықтауға, азаматтық сана мен белсенділікті қалыптастыруға ықпал етеді.

Байқау балалар мен жастардың азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға, олардың рухани және шығармашылық әлеуетін дамытуға, зерттеу жұмысының мәдениетіне тәрбиелеуге, білім алушыларды жобалық және өзге де зияткерлік-шығармашылық қызметке кеңінен тартуға бағытталған.

Байқаудың қорытындысы бойынша жеңімпаздар дипломдар мен сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілері – алғыс хаттар, барлық қатысушылар – сертификаттар алатын болады.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефонға хабарласуға болады: +7 (7172) 64 27 31, e-mail: rumcdo_socped2020@bk.ru.